

БИРЖАЛЫҚ САУДА. БИРЖА ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

- ◎ **Биржа** (лат. bursa — әмиян) — сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы негізінде тауарларды, құнды қағаздарды, сондай-ақ, жұмыс күшін көтерме бағамен сатуды ұйымдастыру түрі; қаржы-сауда мәмілелерін жасау үшін сатып алушылар мен сатушылардың жиналатын орны.
- ◎ Биржалар 15 — 16 ғасырларда пайда бола бастады. Алғашқы Биржалар әмбебап сипатта болды. Мысалы, 1608 жылы құрылған Амстердам Биржасы осы сипатын қазірге дейін сақтап келеді.



Ұсынылатын тауар не қызмет түрлеріне байланысты Биржалар:

- ◎ тауар Биржасы,
- ◎ қор Биржасы,
- ◎ валюта Биржасы,
- ◎ еңбек Биржасы



1. Тауар Биржасы

- Тауар Биржасы сапасы жағынан қалыптасқан стандартқа толықтай сай келетін белгілі бір тауарларды сатып алу мен сату үшін ұйымдасқан пиасаны (рынокты) қамтамасыз етуші саудагерлер ассоциациясы болып табылады. Мұнда негізінен, бір текті өнімдер — астық, мақта, металл, т.б. саудаланады. Бұл тауарлардың әлемдік бағасы дүние жүзінің жетекші тауар Биржаларында қалыптасқан баға арқылы анықталады. Дүние жүзіндегі ірі тауар Биржаларына: Лондон халықаралық Биржасы (мұнай өнімдері, мазут, т.б.), Токио тауар Биржасы (асыл металдар, алтын, күміс, платина, т.б.), Лондон металл Биржасы (алюминий, мыс, қорғасын, т.б.), Нью-Йорк тауар Биржасы (алюминий, алтын, т.б.), Орталық Америка тауар Биржасы (астық өнімдері, бидай, жүгері, т.б.) жатады.

2. Қор Биржасы

- Қор Биржасында жергілікті өкімет органдары мен мемлекеттік емес компаниялар шығаратын құнды қағаздар жөнінде мәмілелер жүргізіледі. Қор Биржасында жасалатын мәмілелер **кассалық** (сатып алынған құнды қағаздар ақысы 2 — 3 күн ішінде төленеді) және **мерзімдік** (акциялардың ақшасы 1 ай ішінде төленеді) болып бөлінеді. Құнды қағаздардың нарқы сұраныс әсеріне, **дивиденд** көлеміне және **процент** мөлшеріне қарай өзгеріп тұрады.



3. Валюта Биржасы

- ◎ Валюта Биржа — валюталық операцияларды шоғырландыратын, валюта нарықтарын қалыптастырып, оның өзара байланысы мен динамикасын қамтамасыз ететін халықаралық валюталық-қаржылық қарым-қатынастардың құрамдас бөлігі. Биржалық сауда конъюнктурасы мен қор және валюта Биржаның жағдайы әлемдік экономикаға, тауарлық және валюта пиасасының (рыногының) дүниежүзілік ахуалына және әлемдік баға деңгейіне тікелей қатысты. Дүниежүзілік валюта Биржасы Лондонда, Нью-Йоркте, Токиода, Цюрихте орналасқан.



4. Еңбек Биржасы

- Еңбек Биржасы — жұмыс күшін жалдау кезінде кәсіпкерлер мен қызметкерлер арасында делдалдық жасайтын мемлекет мекеме. Мемлекет еңбек Биржалары арқылы еңбек пиасасына ықпал етеді. Еңбек Биржасының негізгі қызметі: жұмыссыздарды жұмыспен қамту, жұмыс орнын ауыстыруға көмектесу, жұмысшы күшінің нарықтық конъюнктурасын зерттеп, олар туралы ақпарат беру, жұмыссыздарды есепке алып, оларға жәрдемақы төлеу және т.б.

Биржаны ұйымдастырудың алуан түрлері болғанымен, негізінен екі тұрпатқа бөлінеді:

- саудагерлер еркін сауда жасайтын пиаса түріндегі ашық Биржа, ол көбіне мемлекет бақылауында болады;
- өз мүшелері ғана сауда жасайтын томаға-тұйық корпорация ретіндегі Биржалар, олардың ісіне мемлекет көп араласа бермейді.
- Қазақстанда Биржа 1991 жылдан пайда бола бастады, әсіресе, тауар және қор Биржалары шапшаң дамыды.



- ◎ **Биржа Айналымы** — белгілі бір кезеңде биржада жасалған мәмілелер көлемі. Ол сатылған тауарлар мен құнды қағаздар бағасының сомасымен айқындалады. Сатылған тауарлар мен құнды қағаздардың мөлшері Биржа Айналымының көрсеткіші болып табылады.

- ◎ **БИРЖА БАҒАСЫ** — БИРЖА МЕКЕМЕЛЕРІ ЖАСАЛҒАН КЕЛІСІМДЕРДІ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП БЕЛГІЛЕГЕН ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР (АКЦИЯЛАР МЕН ОБЛИГАЦИЯЛАР) МЕН ТАУАРЛАР БАҒАСЫ. БҰЛ — БИРЖАДА БОЛЫП ЖАТҚАН ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ БІР КӨРСЕТКІШІ БОЛА ОТЫРЫП, ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР МЕН БИРЖА ТАУАРЛАРЫНА ДЕГЕН СҰРАНЫС ПЕН ҰСЫНЫСТЫҢ АРАҚАТЫНАСЫН БЕЛГІЛЕЙДІ.

- ◎ Биржа Дағдарысы — экономикалық дағдарыстың немесе ерекше бір саяси жағдайлардың салдарынан құнды қағаздар (акция, облигация) биржасында дағдарыстың орын алуы. Мұнда құнды қағаздардың курсы шұғыл төмендейді және оларды шығару азаяды. Экономикалық дағдарыстар кезінде акцианың қоғамдардың пайдасы кемиді және дивиденд төмендейді, ол акциялардың құнсыздануына әкеліп соғады.

- © Биржа Делдалдары — қор, валюта биржаларында делдалдық қызмет атқаратын адамдар немесе фирмалар. Биржа делдалдары белгілі бір салаға маманданады және олар жасасатын келісім, акция курсы, т.б. жөніндегі деректерге ие болады.